

Мұнай-газ, мұнай өңдеу және мұнай-газ-
химия салаларындағы әлеуметтік әріптестік
және әлеуметтік және еңбек қатынастарын
реттеу жөніндегі салалық комиссияның
2020 жылғы «16» қазан № 3-2020
хаттамасымен мақұлданған

**2020-2022 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы
мұнай-газ, мұнай өңдеу және мұнай-газ-химия салаларындағы салалық
келісімге
№ 1 қосымша келісім**

Қазақстан Республикасының Еңбек және
халықты әлеуметтік қорғау
министрлігінде 2020 жылғы « 5 »
Қараша № 61
тіркелген

Нұр-Сұлтан қ., 2020 жыл

**2020-2022 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы мұнай-газ,
мұнай өңдеу және мұнай-газ-химия салаларындағы салалық келісімге
№ 1 қосымша келісім**

Нұр-Сұлтан қ.

2020 жылғы «__» _____

Мұнай-газ саласындағы әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссия отырысының 2020 жылғы «__» _____ № 3-2020 хаттамасына, 2020-2022 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы мұнай-газ, мұнай өңдеу және мұнай-газ-химия салаларындағы салалық келісімнің (бұдан әрі – Салалық келісім) 1.5-тармағына сәйкес,

- мемлекет атынан Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі (бұдан әрі – Министрлік);

- мұнай-газ, мұнай өңдеу және мұнай-газ-химия салаларының жұмыс берушілері атынан олардың өкілетті өкілі: «KAZENERGY» Қазақстан мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдарының қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі және салалық ұйымдар (бұдан әрі – Жұмыс беруші);

- мұнай-газ, мұнай өңдеу және мұнай-газ-химия салаларының жұмыскерлері атынан олардың өкілетті өкілдері, «Қазақстандық мұнай-газ кешенінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ, «Қазақстандық мұнай-газ салалық кәсіптік одағы» ҚБ және «Химия, мұнай-химия және өндірістің туыстас салалары жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ (бұдан әрі – Кәсіподақтар) жұмыскерлері Салалық келісімге осы № 1 қосымша келісімді жасасты және Салалық келісімге мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізуге келісті:

1. III «Бағдарламалық және стратегиялық құжаттарды қарау тәртібі» деген бөлімнің атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«III Бағдарламалық және стратегиялық құжаттарды қарау».

2. I «Жалпы ережелер» деген бөлімнің 1.1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1.1 Осы 2020-2022 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы мұнай-газ, мұнай өңдеу және мұнай-газ-химия салаларындағы салалық келісім (бұдан әрі – Келісім) Қазақстан Республикасының Конституциясына, ҚР Еңбек заңнамасына, «Кәсіптік одақтар туралы» ҚР Заңына, Қазақстан Республикасында ратификациялаған Халықаралық еңбек ұйымының Конвенцияларына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі, жұмыскерлердің республикалық бірлестіктері мен жұмыс берушілердің

республикалық бірлестіктері арасындағы 2018-2020 жылдарға арналған бас келісімге (бұдан әрі – Бас келісім) сәйкес еліміздің басты байлығы – адамның жаңа технологиялар, роботтандыру және автоматтандыру жағдайларында дамуы үшін Жалпыға бірдей Еңбек Қоғамын, салалық ұйымдардың тұрақты және тиімді қызметін құру мақсатында жасалған».

3. I «Жалпы ережелер» деген бөлімнің 1.2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1.2. Келісімнің Тараптары:

- мемлекет атынан Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі (бұдан әрі – Министрлік);

- мұнай-газ, мұнай өңдеу және мұнай-газ-химия салаларының жұмыс берушілері атынан олардың өкілетті өкілі: салалық қауымдастық – «KAZENERGY» Қазақстан мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдарының қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі» және салалық ұйымдар (бұдан әрі – Жұмыс беруші);

- мұнай-газ, мұнай өңдеу және мұнай-газ-химия салаларының жұмыскерлері атынан жұмыскерлердің өкілетті өкілдері: «Қазақстандық мұнай-газ кешенінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ, «Қазақстандық мұнай-газ салалық кәсіптік одағы» ҚБ және «Химия, мұнай-химия және өндірістік туыстас салалары жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ (бұдан әрі- Кәсіподақтар) болып табылады.».

4. I «Жалпы ережелер» деген бөлімнің 1.3-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) әлеуметтік, еңбек және олармен байланысты экономикалық қатынастарды реттеудің тиімді тетігін құру;».

5. I «Жалпы ережелер» деген бөлімнің 1.8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1.8. Келісім ұжымдық шарттар жасасу кезінде ұйымдарда келіссөздер жүргізу үшін негіз болып табылады, оның мазмұны ҚР еңбек заңнамасымен және Бас келісіммен салыстырғанда жұмыскерлердің жағдайын нашарлатпауы тиіс.».

6. I «Жалпы ережелер» деген бөлімнің 1.12-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) әлеуметтік әріптестік - жұмыскерлер (жұмыскерлердің өкілдері), жұмыс берушілер (жұмыс берушілердің өкілдері), мемлекеттік органдар арасындағы еңбек қатынастарын және еңбек қатынастарымен тікелей байланысты өзге де қатынастарды, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық қатынастарды реттеу мәселелері бойынша олардың мүдделерін келісуді қамтамасыз етуге бағытталған, тең құқықтық ынтымақтастыққа негізделген өзара қарым-қатынастар жүйесі;».

7. I «Жалпы ережелер» деген бөлімнің 1.12-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) ұжымдық шарт – ұйымдағы әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттейтін жұмыскерлердің өкілдері атынан олардың және жұмыс

берушілердің арасында жасалатын жазбаша келісім нысанындағы құқықтық акт. Ұжымдық шарт ұйымдарда да, шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктерінде де жасалуы мүмкін. Ұйымда бір ұжымдық шарт жасалады;»

8. I «Жалпы ережелер» деген бөлімнің 1.12-тармағының 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«9) жұмыскерлердің өкілдері – кәсіптік одақтар мен олардың бірлестіктері, ал олар болмаған кезде Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген жағдайларда жұмыскерлердің жалпы жиналысында (конференциясында) жұмыскерлердің (конференция делегаттарының) кемінде үштен екісі қатысқан кезде қатысушылардың көпшілік даусымен сайланған және уәкілеттік берілген сайланбалы өкілдер;».

9. I «Жалпы ережелер» деген бөлімнің 1.12-тармағының 12) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын;

«12) еңбек дауы – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын қолдану, келісімдердің, еңбек және (немесе) ұжымдық шарттардың, жұмыс беруші актілерінің талаптарын орындау немесе өзгерту мәселелері бойынша жұмыскер (жұмыскерлер) мен жұмыс берушінің (жұмыс берушілердің), оның ішінде бұрын еңбек қатынастарында болған келіспеушіліктері».

10. II «Тараптардың өзара қарым-қатынастары мен міндеттемелері» деген бөлімнің 2.1-тармағының 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«10) ҚР еңбек заңнамасына сәйкес еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесін дамытуға әрекет ету;».

11. II «Тараптардың өзара қарым-қатынастары мен міндеттемелері» деген бөлімнің 2.2-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) Еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің (бұдан әрі – Өндірістік кеңес) құрамында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын қамтамасыз ету, өндірістік жарақаттану мен кәсіптік аурулардың алдын алу бойынша, сондай-ақ еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлардың жұмыс орындарындағы еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғауға тексерулер жүргізуі бойынша кәсіподақтармен (олар болмаған кезде жұмыскерлердің сайланбалы өкілдерімен) бірлескен іс-қимылдарды жүзеге асырады;».

12. II «Тараптардың өзара қарым-қатынастары мен міндеттемелері» деген бөлімнің 2.3-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) Өндірістік кеңес құрамында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын қамтамасыз ету, өндірістік жарақаттану мен кәсіптік аурулардың алдын алу бойынша, сондай-ақ еңбек қорғау жөніндегі техникалық инспекторлардың жұмыс орындарындағы еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғауға тексерулер жүргізуі бойынша жұмыс берушілермен бірлескен іс-қимылдарды жүзеге асырады;».

13. II «Тараптардың өзара қарым-қатынастары мен міндеттемелері» деген бөлімнің 2.3-тармағының 7) тармақшасы мынадай мазмұндағы жаңа абзацтармен толықтырылсын:

«Жұмыскерлердің мүдделерін «Кәсіптік одақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кәсіптік одақтардың органдары, ал олар болмаған кезде сайланбалы өкілдер өздеріне берілген өкілеттіктер шегінде білдіреді.

Егер жұмыскерлердің кәсіптік одақтарға мүшелігі ұйым жұмыскерлері штат санының жартысынан азын құраған жағдайда, онда кәсіптік одақтар мен сайланған өкілдер жұмыскерлерінің мүдделерін білдіре алады.

Егер осы ұйымда кәсіптік одақ құрылған болса, кәсіптік одақтың қатысуынсыз жұмыс беруші мен жұмыскерлер арасында ұжымдық келіссөздер жүргізуге жол берілмейді.».

14. II «Тараптардың өзара қарым-қатынастары мен міндеттемелері» деген бөлімнің 2.3-тармағының 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«9) кәсіподақтар мүшелері арасында олардың құқықтық сауаттылығын арттыру, оның ішінде ҚР еңбек заңнамасының нормаларын қолдану, сондай-ақ ұжымдық шарттың ережелері, кәсіптік одақтар туралы заңнама нормаларына сәйкес еңбек дауларында келіссөздер жүргізу дағдыларын дамыту және консенсусқа қол жеткізу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізеді;».

15. IV «Салалардағы әлеуметтік әріптестік пен диалогты дамыту» деген бөлімнің 4.6-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) еңбек қатынастарын және олармен тікелей байланысты өзге де қатынастарды реттеу, жұмыскерлердің еңбек саласындағы құқықтарының кепілдіктерін қамтамасыз ету және ҚР еңбек заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзара консультациялар (келіссөздер) өткізу;».

16. V «Еңбек ақысын төлеудің негізгі принциптері» деген бөлімнің 5.2-тармағының 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«6) сала жұмыскерлерінің жалақысы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен ақшалай нысанда айына кемінде бір рет, келесі айдың бірінші онкүндігінен кешіктірілмей белгіленеді және төленеді. Жалақы төленетін күн еңбек, ұжымдық шарттарда көзделеді».

17. V «Еңбек ақысын төлеудің негізгі принциптері» деген бөлімнің 5.2-тармағы 7) тармақшасының бірінші абзацы мынадай мазмұндағы мәтінмен толықтырылсын:

«Түнгі жұмыс уақыты мереке немесе демалыс күніне тура келген кезде еңбек ақысын төлеу Еңбек кодексіне сәйкес мереке немесе демалыс күндерінің сағаттарына жеке жүргізіледі».

18. V «Еңбек ақысын төлеудің негізгі принциптері» деген бөлімнің 5.2-тармағы 7) тармақшасының үшінші абзацы мынадай мазмұндағы мәтінмен толықтырылсын:

«Өсімпұл мөлшері жалақы төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың 1,25 еселенген ресми мөлшерлемесі негізге алына отырып есептеледі және төлем жүргізілуге тиісті келесі күннен басталып, төлем жасалған күнмен аяқтала отырып, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін есепке жазылады».

19. VI «Жұмыс уақыты мен демалыс уақыты» деген бөлімнің 6.5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6.5 Вахталық әдіс – бұл жұмыскерлердің тұрақты тұратын жеріне күнделікті қайтып келуі қамтамасыз етіле алмайтын кезде, олардың тұрақты тұратын жерінен тыс жерде еңбек процесін жүзеге асырудың ерекше нысаны. Жұмыс беруші вахталық әдіспен жұмыс істейтін жұмыскерлерді жұмыс өндірісі объектісінде болған кезеңде тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету үшін тұрғын үймен қамтамасыз етуге және олардың тамақтануын, жиын пунктінен жұмыс орнына дейін және кері қарай жеткізуді ұйымдастыруға, сондай-ақ жұмыстарды орындау және ауысымаралық тынығу үшін жағдайлармен қамтамасыз етуге міндетті. Жұмыс беруші жұмыстың вахталық әдісін қолдану тәртібін айқындайды, сондай-ақ еңбек, ұжымдық шарттарға және (немесе) жұмыс беруші бекітетін вахталық жұмыс әдісі туралы ережеге сәйкес жұмыскердің жұмыс өндірісі объектісінде және тұру үшін арнайы жабдықталған орындарда (вахталық кенттерде) болуының қажетті жағдайларын қамтамасыз етеді».

20. VI «Жұмыс уақыты мен демалыс уақыты» деген бөлімнің 6.9-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6.9 «Қазақстан Республикасындағы мерекелік күндердің тізбесін бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 689 қаулысына сәйкес қыркүйектің бірінші жексенбісі кәсіби мереке – «Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің күні» болып саналады. Осы күні немесе мереке қарсаңында жұмыс берушілер мен жұмыскерлерінің өкілетті өкілдері өндіріс озаттарына құрмет көрсете отырып, ұйымдарда салтанатты жиналыс ұйымдастыру және өткізу мүмкіндігін қарастырады».

21. VIII «Жұмыспен қамтуға ықпал ету» деген бөлімнің 8.1-тармағы 4) тармақшасының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«- ҚР еңбек заңнамасына сәйкес еңбек және ұжымдық шарттардың талаптарын сақтай отырып, жұмысқа орналасуға ықпал ету;».

22. VIII «Жұмыспен қамтуға ықпал ету» деген бөлімнің 8.1-тармағының 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«10) Қазақстан Республикасының Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасына сәйкес әлеуметтік аударымдарды жүргізеді және ҚР еңбек заңнамасына сәйкес өзге де міндеттерді орындайды;»

23. IX «Гендерлік және жастар саясаты» деген бөлімнің 9.1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) үш жасқа дейінгі баласы (балалары) бар жүкті әйелдің, заңды өкілдің (ата-анасының біреуінің, бала асырап алушының, қорғаншының, қамқоршының), сондай-ақ отбасының науқас мүшесіне күтімді жүзеге

асыратын қызметкердің жазбаша өтініші бойынша медициналық қорытындыға сәйкес толық емес жұмыс уақыты режимін белгілеу;».

24. XI «Еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау жөніндегі өндірістік кеңесті құру және қызметінің тәртібі» деген бөлім алып тасталсын.

25. XII «Еңбектің қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз ету және еңбекті қорғау » деген бөлімнің 12.2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығына зиян келтірудің кез келген тәуекелдерін болғызбау бойынша, оның ішінде жұмыс орындары мен технологиялық процестерде кәсіптік тәуекелдерді болғызбау бойынша мынадай шаралар қабылдайды;

- еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау үшін жауапты барлық деңгейдегі қызметтің тиімді жұмысын ұйымдастыру;

- Өндірістік кеңестің қызметі үшін жағдай жасау;

- өндірістік және ғылыми-техникалық прогресті ескере отырып, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың жай-күйі мен жағдайларына ішкі бақылауды ұйымдастыру».

26. XII «Еңбектің қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз ету және еңбекті қорғау» деген бөлімнің 12.2-тармағы 19) тармақшасының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Еңбек жағдайларының сипаттамалары, ауыр жұмыстар мен еңбек жағдайлары зиянды немесе қауіпті жұмыстар үшін кепілдіктер мен жеңілдіктер жұмыскерлермен жасалатын еңбек шарттарында, сондай-ақ жұмыс берушінің актілерінде көрсетіледі;».

27. XII «Еңбектің қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз ету және еңбекті қорғау » деген бөлімнің 12.3-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Өндірістік кеңестің құрамында еңбекті қорғау талаптарын қамтамасыз ету, өндірістік жарақаттану мен кәсіптік аурулардың алдын алу бойынша, сондай-ақ жұмыс орындарындағы еңбек жағдайлары мен еңбектің қорғалуына тексерулер жүргізу бойынша жұмыс берушімен бірлескен іс-қимылдарды ұйымдастырады;».

28. XII «Еңбектің қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз ету және еңбекті қорғау» деген бөлімнің 12.3-тармағының 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«6) Өндірістік кеңестің құрамында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша ішкі бақылауды жүзеге асырады, сондай-ақ жазатайым оқиғаларды, жарақаттануды, кәсіптік ауруларды тергеп-тексеруге қатысады, талдау жүргізеді, олардың деңгейін төмендету жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге қатысады, олардың орындалуын бақылайды;».

29. XIII «Ұжымдық еңбек дауларының алдын алу және оларды қарау мәселелері жөніндегі кеңесті құру және оның қызметінің тәртібі» деген бөлім алып тасталсын.

30. XVI «Келісімдерді, ұжымдық шарттарды әзірлеуге және қабылдауға қатысу үшін бақылаушылар тобын қалыптастыру, оның құзыреттері мен қызметінің тәртібі» деген бөлім алып тасталсын.

31. XVII «Кадрлық әлеует пен біліктілікті дамыту жөніндегі үйлестіру орталығын құру және оның қызметінің тәртібі» деген бөлім алып тасталсын.

32. XVIII «Кәсіподақ қызметінің кепілдіктері» деген бөлімнің 18.1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«18.1 Министрлік пен Жұмыс берушілер кәсіподақтардың ҚР еңбек заңнамасының сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыру құқықтарын Еңбек кодексінде, «Кәсіптік одақтар туралы» ҚР Заңында және келісімдерде бекітілген шарттармен және тәртіппен мойындайды».

33. XVIII «Кәсіподақ қызметінің кепілдіктері» деген бөлімнің 18.4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«18.4. Кәсіподақтар сайланған немесе қайта сайланған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде негізгі жұмысынан босатылмаған сайланбалы кәсіподақ органдарының мүшелері туралы жұмыс берушілерді хабардар етуі қажет».

34. 3-қосымшаның атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«Мұнай-газ, мұнай өңдеу және мұнай-газ-химия салалары ұйымдарындағы қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес туралы ұсынылатын Үлгілік ереже».

35. 4-қосымшаның атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«Мұнай-газ, мұнай өңдеу және мұнай-газ-химия салалары ұйымдарындағы еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектор туралы ұсынылатын Үлгілік ереже».

36. Осы Қосымша келісімде қозғалмаған Салалық келісімнің барлық шарттары өзгеріссіз қалады және әлеуметтік әріптестік тараптары олар бойынша өз міндеттемелерін растайды.

37. Осы Қосымша келісім Салалық келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады және мемлекеттік және орыс тілдерінде заңды күші бірдей 6 данада жасалды. Сала ұйымдарында жұмыс берушілер және кәсіподақ бірлесіп, осы Қосымша келісімді қол қойылған күнінен бастап бір ай ішінде жұмыскерлердің назарына жеткізуді қамтамасыз етеді.

38. Осы Қосымша келісім Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінде тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және 2022 жылдың 31 желтоқсанына дейін қолданылады.

39. Әлеуметтік әріптестік тараптарының қолдары:

ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІҢ ӨКІЛДЕРІ:

«Қазақстан мұнай-газ кешенінің салалық кәсіптік одағы»
қоғамдық бірлестігі
Төраға

 С. Калиев



«Химия, мұнай-химия және өндірістің
туыстас салалары жұмыскерлерінің салалық
кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі
Төраға



К. Пірімқұлов

«Қазақстан мұнай-газ кешенінің салалық кәсіптік одағы»
қоғамдық бірлестігі
Төраға



Е. Мұстафина

ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРДІҢ ӨКІЛІ:

«KAZENERGY» Қазақстан мұнай-газ
және энергетика кешені ұйымдарының
қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі
Бас директор



Б. Ақшолақов

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІ:

Қазақстан Республикасының
энергетика вице-министрі



Ә. Мағауов